**1-апта (29.11-03.12.2021 жыл)**
**№9 «Балдырған» кіші топ**

**Өтпелі тақырып: «Бізді қоршаған әлем»**
**Апталық тақырып: Қуыршақтың жиһаздары**
**Мақсаты:** Балаларды жиһаздар түрлерімен таныстыру,олардың қолдану аясын түсіндіру, киімдер туралы білімдерін кеңейту. Балаларды заттық ортада қасиеттері мен сапасы туралы түсінігін кеңейту. Ыдыстарды қарау, зерттеу, ажыратып олардың көлемін, түсін, пішінін, бөлшектерін және бөлімдерін атай білуге үйрету. Балаларға қыс мезгілінің, ауа-райының мезгіліне қарай өзгерістерін бақылауға дағдыландыру.
**Міндеттері:**
-жиһаздардың қолдану аясымен түсіндіру;
- әр жыл мезгіліне арнап тігілген киімдердің айырмашылығын түсіндіру;
- қызықты қимылды жаттығулар, сенсорлық ойындар ұйымдастыру арқылы түсініктерін кеңейту.
-танымдық сипатта сұрақтар қою арқылы қоршаған ортаға деген қызығушылығын арттыру.

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 29.11.2021 | Сейсенбі 30.11.2021 | Бейсенбі 02.12.2021 | Жұма 03.12.2021 |
|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балалармен амандасу, балалардың дене қызуын өлшеп, тазалықтарын тексеру. Денсаулықтарын тексеру. Табиғат бұрышында әңгімелесу. Демалыс күндері қалай өткізгендерін сұрау, әңгімелесу. | | | |
| **Ата – аналармен кеңес, әңгімелесу** | Ата-аналармен амандасу Ата-аналарға балаларды таңертеңгі қабылдау уақытынан кешіктірмей әкелулерін сұрау. | | | |
| **Ойындар (үстел – үсті, саусақ және т.б)** | **Саусақ ойыны:**<br>Бас бармақтан бастап шынашаққа дейін саусақтардың аттарын бір түгел атап береді. Бас бармақ, балаң үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкене бөбек. Бес саусағын түгел жұмады. Тағы да бас бармағынан бастап былай бес саусақты түгел жазады.<br>Сен тұр қойыңа бар,<br>Сен тұр түйеңе бар,<br>Сен тұр жылқыңа бар,<br>Сен тұр сиырыңа бар, | **Дидактикалық ойын: "Нені қайда қоямыз?".**<br>**Мақсаты:** әр заттың өз орны бар екенін атып түсіндіру. Балаларды ұқыптылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу. | **Қимылды ойын: "Жапалақ".**<br>**Мақсаты:** есте сақтау қабілетін, ойынға қызылығушылғын арттыру.<br>Барысы: Бір баланы жапалақ етіп сайлады. Қалған балалар көбелек, құстар болып жүреді. "Күн" деген кезде балалар дөңгелене көбелек, құстың қимылын жасай ұшады. "Түн" деген кезде барлық бала сол орнында қозғалмастан отырып қалуы керек. Жапалақ өз | **Дидактикалық ойын:"Не жоқ?".**<br>**Мақсаты:** ойынды ойыншықтармен ойната отырып, балалардың ойлау мен есте сақтау қабілеттерін дамыту. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Сен кішкентай әлі жас екенсің,<br>Үйде қал! | | ұясынан шығып қимылдап қойған баланы өз ұсына алып кетеді. | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Таңертеңгілік жаттығу кешені №4** | | | |
| **Таңғы ас** | Тамақты төкпей, ұқыпты ішуге үйрету. Үстел басында дұрыс отыруға, жанындағы балаларға кедергі болмауды ескерту. Тамақтанып болған соң "алғыс" айтуға үйрету. | | | |
| **Ұйымдастырыған оқу – қызметіне дайындық** | **Дидактикалық ойын: "Бұл не?".**<br>**Мақсаты:** Балаларды көрсетілген заттар мен ойыншықтарды атап, айтып бере білулеріне үйрету. Аз немесе көп мағыналарын түсіндіру. | **Дидактикалық ойын: "Кім не істейді?".**<br>**Мақсаты:** Қажет сөздерді қолдана білуге үйрету. | **Қимылды ойын: "Зымыраған көңілді добым".**<br>**Мақсаты:** Ойын сөздерін бірге айтқызып, барлық балаларды көңілді ойынға тарту арқылы қимыл - қозғалыстарын дамыту. | **Дидактикалық ойын: "Затты ал".**<br>**Мақсаты:** Балаларға тапсырманы тез әрі дұрыс орындауды үйрету. |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ** | **1. «Таным»**<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Бөлме жиһаздары»**<br>**Мақсаты:** Балаларға үй жиһаздары және олардың қажеттілігі туралы түсіндіру. Үй жиһаздарының бірі – төсек, оның түрлерімен таныстыру, бөлме заттарын ұқыпты, таза ұстауға тәрбиелеу.<br>**Әдіс-тәсілі:** көрсету, түсіндіру, отбасы мүшелерімен таныстыру, | **1. Денсаулық**<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Қуыршақ Айнұрмен қыдырамыз»**<br>**Мақсаты:** «Айнұрдың үйіне дейін жолмен жүру» түзу бағытта жүру. Гүлге дейін еңбекте төрттағандап жүру.<br>**2. «Шығармашылық»**<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы: «Бесік жыры»**<br>М.Әубәкіров, | **1. «Денсаулық»**<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Қуыршақ Әселге бөлме жасау»**<br>**Мақсаты:** Бәрі бірлесе қуыршақ Әселге жердегі шашылып жатқан шаршыдан үй жасау, жіптен ұстасып шеңбер бойымен жүру. Шектелген сызықтармен ( ені 25 см , ұзындығы 2 м ) түзу жолмен жүру . | **1. Денсаулық**<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Қуыршақтың керуеті»**<br>**Мақсаты:** Балаларға қуыршақтың керуетін көрсетіп таныстыру. Түрлі бағытта жүгіру. Қол тигізгенге дейін секіру «Масаны ұста ». Шеңбер болып жатқан жіптің бойымен жүру.<br>**2. «Шығармашылық»** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | ермексазбен жұмыс жасау, сергіту сәті, қоыртындылау, мадақтау.<br>**Қажетті құрал-жабдықтар:** тақырыпқа байланысты суреттер<br>**Картатека №13**<br>**Дидактикалық ойын:** Торсық.<br>**Мақсаты:** түстеріне сәйкес торсық пен қақпағын біріктіру.<br>**1. «Шығармашылық» Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы: «Қуыршаққа арналған диван»**<br>**Мақсаты:** Балаларды ермексазды шымшып үзіп алуға және сопақ, жұмыр мүсіндер сомдауға жаттықтыру; оларға сопақтау, илеу, жалпақтау жолдарымен мүсіндеу тәсілдерімен үйрету арқылы қызығушылықтарын арттыру, саусақтың ұсақ бұлшықеттерінің қимылын жетілдіру.<br>**Әдіс-тәсілі:** түсіндіру, көрсету.<br>**Қажетті құралдар: қуыршаққа араналған ойыншықтар.**<br>**Картатека №13**<br>**Дидактикалық ойын:** | С.Қалиев<br>**Мақсаты:** Ырғақты сезіне білуге, ән тыңдауға баулу, көңіл күй сезімін ояту.<br>Музыкалық – ырғақты қимыл:<br>«Көңілді би» | | **Сенсорика**<br>**Тақырыбы: «Бөлме жабдықтаймыз»**<br>**Мақсаты:** Қонақ бөлмені жабдықтауда жұмсақ және қатты жиһаздармен таныстыра отырып, оларды бір – бірінен ажыратуға, топтастыруға, атын атауға үйрету.<br>**Әдіс-тәсілі:** түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап.<br>**Қажетті құралдар:** Ерден атай, Айару (ойыншықтар), қуыршақ театры, жұмыс дәптер.<br>**Картатека №13**<br>**Дидактикалық ойын:** "Қай аң екенін тап".<br>**Мақсаты:** үстелдің үстіне аңдардың суретін теріс қаратып қою. Балаларды кезекпен шақырып, бір сурет таңдап алып, аңдардың қимылын көрсету. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | "Кім тез ойлайды?"<br>**Мақсаты:** балаларға көрсетілген ойыншықтарды тез айтқызу. | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз беттерімен реттілікпен киіне білулеріне үйрету. Өз беттерімен шешінулерін, киімдерін рет-ретімен жинауын қадағалау, үйрету. Қолдарын дұрыс ( көбіктенгенше сабындау) жууға үйрету, құрғатып сүртуге үйрету. | | | |
| **Серуен** | **1. Бақылау:**Қыс мезгілін бақылау.<br>**2. Еңбек:** Айналаны таза ұстау.<br>**3. Қимылдық ойын:** «Жалаушаға қарай жүгір».<br>**Мақсаты:** балалардың жылдамдығын арттыру.<br>**4. Жеке жұмыс:** Сезімнен өткен өлең жолдарын сұрау.<br>**5. Еркін ойындар.** | **1.Бақылау:** Жолдағы көліктерді бақылау.<br>**2. Еңбек:** Ересек адамның еңбегі.<br>**3. Қимылдық ойын:** «Маған қарай жүгіріңдер».<br>**Мақсаты:** балалардың қимыл-қозғалысын дамыту.<br>**4. Жеке жұмыс:** Әлжаннан түстерді үш тілде сұрау.<br>**5. Еркін ойындар.** | **1. Бақылау:** Аспанды бақылау.<br>**2. Еңбек:** Өз-өзіне қызмет көрсету.<br>**3. Қимылдық ойын:** «Қақпан».<br>**Мақсаты:** балаларды шапшаңдыққа үйрету.<br>**4. Жеке жұмыс:** Інжуден көп және аз ұғымдарын ажыратуға үйрету.<br>**5. Еркін ойындар.** | **1. Бақылау:** Ауа райын бақылау.<br>**2. Еңбек:** Алаңқайды қардан тазалау.<br>**3. Қимылдық ойын:** «Жапалақ».<br>**Мақсаты:** балаларды аңғарымпаздыққа үйрету.<br>**4. Жеке жұмыс:** Рахманнан өзі білетін тақпағын сұрап,айтқызу.<br>**5. Еркін ойындар.** |
| **Серуеннен оралу** | Өз беттерімен шешінулерін, киімдерін рет-ретімен жинауын қадағалау, үйрету. Беті қолдарын жуу, сабындау. | | | |
| **Түскі ас** | Үстел басына қол жуғаннан кейін отыру. Орындыққа өзі отырып, тұру. Өз орындарына ыңғайлы отыруларын ескерту. Қасықты оң қолдарына ұстауға тәрбиелеу. Тамақты ұқыпты ішу, болған соң майлықты дұрыс қолдана білуге үйрету. Асты төкпей, мұқият ішуге дағдыландыру. "Рахмет" сөзін айтқызу. | | | |
| **Түскі ұйқы** | Балаларға ертегі айта отырып ұйықтату. | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Балалардың бас, қол, аяқтарына керілу, созылу қимыл- қозғалыс жаттығуларын жасату. Түкті кілемше үстімен жүргізу. | | | |
| **Бесін ас** | Тамақ ішу кезінде сөйлемей, тыныштық сақтап тамақтану дағдыларына үйретуді жалғастыру. | | | |
| **Ойындар, дербес әрекет.** | Өтілген әнді балалармен қосылып бір-бірінен қалыспай, бірге айтуға | **Үстел үсті ойыны. "Құрылыс ойындарын** | **Сюжеттік ойын: "Дәрігер".**<br>**Мақсаты:** әр | Балаларға "Бауырсақ" ертегісін үстел үстінде көрсету |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **ойнаймыз".**<br>**Мақсаты:**Құрылыс ойыншықтарымен таныстыру.Түстерін айтқызу. | мамандықтық иелерін құрметтеуге үйрету. | арқылы айтып беру. Ертегі арқылы тілдерін дамыту. |
| | Рахманнан қимыл-қозғалысын арттыру мақсатында қимыл жаттығуларын жасау. | Сезімнен жеке жұмыс жүргізу. | Інжуден ертегіден түсінгенін сұрау. |
| сумен жуып, сергу. Киімін ретімен киюге үйрету. Аяқ киімдері мен киімдерін оң | | | |
| қа | **1.Бақылау:** Ересек адамдар іс-әрекеттерін бақылау.<br>**2. Қимылдық ойын:** «Ақ коян».<br>Мақсаты: Ойын сөздерін бірге айтқызып, барлық балаларды көңілді ойынға тарту арқылы қимыл -қозғалыстарын дамыту.<br>**3.Еркін ойындар** | **1.Бақылау:** Қыстап қалған құстарды бақылау.<br>**2.Қимылдық ойын:** «Торғайлар мен мысық».<br>Мақсаты: балаларды ептілікке, жылдамдыққа тәрбиелеу.<br>**3.Еркін ойындар** | **1.Бақылау:**Қыс мезгілінің ауа- райын бақылау.<br>**2. Қимылдық ойын:** «Мысық пен тышқан».<br>Мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>**3. Еркін ойындар** |
| а | Үлкен, кіші мағынасын балаларға үйдегі немесе үйге барар жолдағы заттарды көрсете отырып үйретулерін сұрау. | Ата-аналарға балаларды жылы киіндіруді айту. | Балалардың тамақ ішу кезінде үстелде дұрыс отыруын қадағалауды өтіну. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | үйрету. | **ойнаймыз".** **Мақсаты:**Құрылыс ойыншықтарымен таныстыру.Түстерін айтқызу. | мамандықтың иелерін құрметтеуге үйрету. | арқылы айтып беру. Ертегі арқылы тілдерін дамыту. |
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс** | Әлжаннан түстерді сұрау. | Рахманнан қимыл-қозғалысын арттыру мақсатында қимыл жаттығуларын жасау. | Сезімнен жеке жұмыс жүргізу. | Інжуден ертегіден түсінгенін сұрау. |
| **Серуенге дайындық** | Беті қолдарын салқын сумен жуып, сергу. Киімін ретімен киюге үйрету. Аяқ киімдері мен киімдерін оң киюге үйрету. | | | |
| **Серуен** | **1.Бақылау:** Күнді бақылау. **2.Қимылдық ойын:** «Күн мен түн». Мақсаты: балаларды ептілікке, жылдамдыққа баулу. **3.Еркін ойындар** | **1.Бақылау:** Ересек адамдар іс-әрекеттерін бақылау. **2. Қимылдық ойын:** «Ақ қоян». Мақсаты: Ойын сөздерін бірге айтқызып, барлық балаларды көңілді ойынға тарту арқылы қимыл -қозғалыстарын дамыту. **3.Еркін ойындар** | **1.Бақылау:** Қыстап қалған құстарды бақылау. **2.Қимылдық ойын:** «Торғайлар мен мысық». Мақсаты: балаларды ептілікке, жылдамдыққа тәрбиелеу. **3.Еркін ойындар** | **1.Бақылау:**Қыс мезгілінің ауа- райын бақылау. **2. Қимылдық ойын:** «Мысық пен тышқан». Мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа тәрбиелеу. **3. Еркін ойындар** |
| **Балалардың үйіне қайтуы.** | Ата-аналарға балаларға өтілген өлең жолдарын үйден қайталатып жаттатуларын сұрау. | Үлкен, кіші мағынасын балаларға үйдегі немесе үйге барар жолдағы заттарды көрсете отырып үйретулерін сұрау. | Ата-аналарға балаларды жылы киіндіруді айту. | Балалардың тамақ ішу кезінде үстелде дұрыс отыруын қадағалауды өтіну. |